

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің  
«Ғабиден Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ



**Өрт қауіпсіздігі бойынша мектеп қызметкерлеріне  
арналған нұсқаулық**

**I. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары**

1. Барлық жұмыскерлер жұмысқа өртке қарсы нұсқамадан өткеннен кейін ғана жіберілуге тиіс, жұмыс спецификасы өзгерген жағдайда басшы белгілеген тәртіпте орын алуы мүмкін өрттің алдын алу мен сөндіру бойынша қосымша оқытудан өтуге тиіс.
2. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамадан жарты жылда бір реттен сиретпей өту керек.
3. Жұмыскерлер өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға, сондай-ақ өртке қарсы режимді сақтауға және қолдауға тиіс.
4. Өрт бола қалған жағдайда өрт сөндіру күзетіне хабарлап, адамдарды, мұліктерді құтқару және өртті ауыздықтау бойынша қажетті шаралар қабылдау керек.
5. Білім беру ұйымының әр қызметкерінің бірінші кезектегі міндеті өрт кезінде окушылардың өмірін құтқару болып табылады.
6. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған лауазымдық тұлғалар мен азаматтар ҚР заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.
7. Көшіру жолдары, шығу жолдары, дәліздер, тамбурлар мен сатылар қандай да бір заттармен және жабдықтармен қоршалмауға тиіс.
8. Баспалдақ алаңының, дәліздердің, тамбурлар мен холлдардың есіктерінің жақтаулары тығыз болуға және өздігінен жабылу құрылғысымен жабдықталуға әрі үнемі жарамды күйде болуға тиіс. Көшіру жолдарының барлық шығатын есіктері ғимараттан шығу бағыты бойынша ашылуға тиіс және балалар ғимаратта болған кезенде оларды тек қана женіл ашылатын ілмектердің көмегімен іштеп жабу керек.
9. Білім беру ұйымында:
  - дәлізді баспалдақ алаңымен қосатын ойықтардағы есік бөліктерін алып тастауға;
  - желіге қосылған электр құралдарын қараусыз қалдыруға;
  - ас әзірлеуге арналған электрлік су қайнатқыштарды, электр шайнектерді, оқу кабинеттерінде және балалар орналасқан басқада

- кабинеттерде (арнайы жабдықталған үй-жайды қоспағанда)  
пайдалануға;
- шатырдағы жайларда қойма, мұрағат орналастыруға, онда қандай да бір материалды сақтауға;
  - суықтан қатып қалған су өтетін жылдыту құбырлары мен кәріс құбырларын ашық отта қыздыруға тыйым салынады.
10. Ұйым аумағы мен үй жай толықтай таза болуға тиіс. Барлық жанатын қоқысты жүйелі түрде арнайы бөлінген участкеге шығарып тастау керек.
11. Қыста жолдар, подъездер мен өрт сөндіру гидранттарының шатырлары жүйелі түрде қардан тазартылуға тиіс.
12. Ұйымда үй-жайдың кез келген қабатынан шығатын көшіру жолдарының саны кемінде екеу болуға тиіс.
13. Ұйымда дәнекерлеу және басқа да қауіпті жұмыс түрлерін жүргізуге тек қана басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның рұқсатымен ғана жол беріледі.
14. Шатырдағы жайды таза ұсташа және құлыпташ қою керек. Шатырдағы жайдың кілттері тәуліктің кез келген уақытында алуға қолжетімді болатында белгілі бір орында сақталуға тиіс.
15. Тұнгі кезекші персоналдың үй-жай мен ұйым аумағын тастап кетуге, темекі тартуға, ашық от қолдануға, қыздыру құралдарын пайдалануға, өзінің қызметтік міндеттемесін орындаудан басқаға аландай құқығы жок.

## *II. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері.*

1. Өртті немесе тұтінді бірінші байқаған адам басшыға, болған оқиға туралы бәрін құлақтандыратын шаруашылық менгерушісіне хабарлауға тиіс.
2. Өрт сөндіру командасын өртті немесе тұтінді бірінші байқаған адам білім беру үйымының мекен- жайын, не жанып жатқанын және кім сөйлесіп тұрғанын айтап, 101 телефоны арқылы шақырады.
3. Өрт сөндіру командасын оны шақырған адам көшедегі қақпа алдында күтіп алады. Қарсы алушы қысқа жолмен келген өрт командасының бастығына жол сілтейді, сонымен бірге балаларға төніп тұрған қауіп жайлар айтады.
4. Өрт сөндіру кезінде өкпек жел мен ауаның күшті ағынына жол бермеуғе тырысу керек. Сондықтан жанып жатқан үй- жайда терезенің ашылуына шектеу қажет. Мүмкіндігінше тезірек электр сымдарының жүйесін тоқтан ажыратып, ажыратқышты өшіру керек.
5. Өрт сөндіру командасын шақырумен және өртті сөндіру бойынша шаралар қабылдаумен бір мезгілде дайындыққа, тұра қауіп төнген жағдайда балаларды тікелей көшіруге кірісу қажет.
6. Балаларды көшіруге ұйым басшысы немесе оның орынбасары басшылық жасауға тиіс. Көшіру ұйымға жақын үй-жайда жүргізіледі (мектептің ғимараты).
7. Бірінші кезекте оқушыларды өрт жағдайында олардың өміріне ең үлкен қауіп төніп тұрған үй-жайлардан көшіру қажет. Жоғары қабаттардан ең бірінші кіші жастағы балалар шығарылады.
8. Егер баспалдақ тұтіндең тұрса, тұтін кіріп тұрған есікті қатты жабу керек, тұтін шығу үшін терезені ашып, таза ауа ағынымен қамтамасыз ету қажет.

9. Жанып жатқан үй-жайға кірмес бұрын, ылғал жамылғымен, пальтомен, плащпен, қатты матаның кесегімен басты орау керек.
- 10.Тұтіндең жатқан үй-жайдың есігін таза ауаның тез кірген ағынынан жалын атпас үшін абайлап ашу қажет. Қатты тұтіндең үй- жайда еңбектеп немесе бүгіліп қозғалу керек. Тұншықтырғыш газдан қорғану үшін ылғал матамен тыныс алған жөн.
- 11.Егер жанып жатқан үй -жайда өздігінен қозғала алмайтын бала болса, оны сулы жамылғыға немесе одеялға орап, мұрнымен аузын ылғал матамен жауып, қауіпсіз жерге алып шығу керек.
- 12.Егер баланың киімі жанып жатса, үстіне сулы жамылғы, одеял, қалың мата жауып, ауаның кіруіне жол бермей, жануды тоқтату үшін дененізге қатты қысыңыз. Жанып жатқан киімді өрт сөндіргіштің көмегімен өшіруге тырыспаңыз, ол химиялық күйік алуға алып келеді.
- 13.Жанып жатқан аймақтан балаларды іздеуді үй-жайды толық тексерген кезде және ешім жоқ екеніне анық көз жеткізгенде тоқтату керек.